



Автор: Тойшыбекова Шакиза Бекмаганбетқызы

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер

Тақырып: Жасуша әлеміне саяхат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Оқушы: • Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша моделін әзірлеу, суретін салу, қима қағаздардан түрлі-түсті құрастыру;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жасуша компоненттерінің ерекшеліктерін модельді пайдаланып, ауызша түсіндіре алады. Пәндік лексика және терминология: Ядро, цитоплазма, жасуша мембранасы, жасуша қабырғасы Айтылымға қажетті сөз тіркестері: Жасуша мембранасы ... Жасуша қабырғасы ... , ... Цитоплазма ... , ... Ядро ..., Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane
Бағалау критерийлері:	Құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша компоненттері моделін жасайды немесе суретін салады, қима жасап құрастырады; Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен қызметтерін салыстырады;
Құндылықтарды дарыту:	Сабақ сыйластықты, ынтымақтастықты, дарытуға бағытталған. Құндылықтарды жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыстарды орындау барысында өзгенің ойын тыңдауға, сыйлауға, ақыл қосуға үйренеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, жасушаның құрамбөліктері слайд, бейнеролик
Пәнаралық байланыс:	Химия, дүниетану, география.
Бастапқы білім:	Табиғаттағы заттардың бір түрден екінші түрге химиялық жолмен өзгеруі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	<p>1. «Ой шақыру.» Өткенді қайталау арқылы бастапқы білімді жаңғырту. Оқушылар ұжымдық жұмыс барысында сұрақтарға жауап береді.</p> <p>1. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруін не дейміз?</p> <p>2. Химиялық реакциялардың белгілері: иіс пайда болады, тұнба болады, газ бөлінеді, түсі өзгереді, жылу бөлінеді, тұнба ериді.</p> <p>Сөзжұмбақ. (Шешу арқылы жаңа тақырыптың атын табамыз)</p> <p>1. Ағаштың бастапқы қалпынан басқа түрге өзгеруі үшін не істейміз? Ж ағамыз.</p> <p>2. Жанғанда не бөлінеді? Г аз.</p> <p>3. Жанғанда не пайда болады? И іс.</p> <p>4. Жанғанда не бөлінеді? Ж ылу.</p> <p>5. Жанып жатқан кезде ауа, оттегі жетіспесе от не істейді? Ө шеді.</p> <p>6. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруі барысында не пайда болады? Ж аңа зат немесе химиялық реакция. «Жасуша» сөзі шығады.</p> <p>Жаңа сабағымыздың тақырыбы «Жасуша әлеміне саяхат», «Жасуша компоненттері.»</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-35)	<p>I. Жаңа сабақтың жаңа сөздерін қайталаймыз. Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane II. Оқулықпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс. «Оқы, жаз, есінде сақта» әдісі. I-топ. Мәтінді оқиды, мазмұндайды. Дескрипторлар: 1.Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен танысып, мазмұндайды. 2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін түсіндіреді. II-топ. Жаңа сөздердің мағынасын ашады, постер толтырады. Дескрипторлар: 1. Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен құрылысы қызметтерін салыстырады. 2.Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін анықтайды. 3. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін суреттеп, тірек сызбалар арқылы түсіндіреді. III-топ. Сұрақтар құрастырады. Дескрипторлар: 1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен кезеңдерін талдап, сұрақтар құрастырады. 2. Сұрақтардың нақты, қысқа, нұсқа құрастырылуына мән береді. 3. Білім алушылардың дұрыс жауабын салыстырып бағалайды. IV-топ. Тест құрастырады. Дескрипторлар: 1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен, қызметін анықтап, 3 жауаптық тест құрастырады. 2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін есте сақтайды.</p>	<p>слайдта сөздіктер, дескрипторлар көрсетіледі. Түрлі-түсті қағаздар, ермексаз, маркерлер, постер плакаттар.</p>
Сабақтың соңы (3 мин)	<p>Топтар бір –бірін бағалайды. Бас бармақпен, геометриялық фигуралармен. Кері байланыс, қима қағазға жазады. Аты- жөні - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін білдім , суреттен көрсете аламын. - Жасуша компоненттерінің құрылысын анықтадым. - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін сипаттап, түсіндіріп бере аламын. - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерінің маңызын есте сақтаймын.</p>	<p>Түрлі-түсті фигуралар.</p>
Рефлексия (2 мин)	<p>Рефлексия.«Табыс ағашы» Жасыл жапырақ – түсінікті болды, табысқа жеттім. Сары жапырақ – сұрақтарым бар, толық табысқа жеткен жоқпын. Қызыл жапырақ – қиналдым, табысқа жету үшін тағы қайталауым керек.</p>	<p>стикерлер.</p>

